

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығы бойынша PhD докторанты Жанадилова Карашаш
Базаровнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің
метақұзыреттілігін дамыту» атты диссертациялық жұмысына отандық
ғылыми кеңесшісінің**

ПІКІРІ

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты – дайын берген білімді, дағдыларды меңгеріп, қайталайтын емес, өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдаланып қана қоймай, оларды өз бойында қалыптастыру қабілеттілігі бар, өзін-өзі басқара алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу – көкейкесті мәселе.

Себебі, қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы күтілетін нәтижеде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарау, өз әрекетін бағдарлай, дұрыс ұйымдастыра, оны қайтадан ой елегінен өткізіп саралай білетін, өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Мұндай тұлғаларды дамыту неғұрлым ерте қолға алынса, соғұрлым елдің адами капиталы артатыны белгілі. Осыған орай болашақ мұғалімдердің метақұзыреттілігін дамыту мәселесінің пайда болуы заңдылық, сондай-ақ қазіргі білімнің басты идеяларының бірінен саналуы да орынды. Яғни өзгенің тілін, оқу үдерісін ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдер, әдістемелер, технологияларды және білім алушылардың оқу жетістіктерінің критериалды бағалау жүйесін озық меңгеруде білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін жаңа сапа метақұзыреттілікті дамыту мәселесінің өзектілігін арттырады.

Жоғары оқу орындарында «метақұзыреттілік» ұғымының мәнін ашып, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің метақұзыреттілігін дамыту мәселесін қарастыру білім беру үдерісіндегі жоғарыда тоқталып кеткен қажеттіліктен туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда метақұзыреттілік феноменіне арналған бастаулар мен ілімдерге, көзқарастар мен пікірлерге талдау жасау зерттеу жұмысының өзектілігін байқатады.

Докторант өз зерттеуінде бастауыш мектептерде педагогикалық-психологиялық үдерісті ұйымдастыру мен жетілдіру мәселелері елімізде бастауыш білім берудің дидактикалық және әдістемелік аспектілерін Т.С.Сабыров, Р.М. Қоянбаев, Қ.Аймағамбетова, С.Р.Рахметова, Ш.Х.Құрманалина, Т.Қ. Оспанов, А.С. Әмірова, Г.И.Уәйісова, Ә.Е. Жұмабаева және т.б. қарастырған.

ЖОО-дағы кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері В.А. Адольфтың, Е.В.Бондаревскаяның, Н.В. Кузьминаның және тағы басқалардың ғылыми жұмыстарында, сонымен бірге педагогтың кәсіби құзыреттілігінің басқа да аспектілерін К.А.Абульханова, К. Юнг, З.И.

Калмыкова, М.В. Прохорова, Е.И. Рогов, Л.М.Митина, В.А. Слостенин, А.И. Щербаков, және тағы басқалар зерттеген.

Ресейлік білім беру саласындағы метақұзыреттілікті қалыптастыру мәселесі ғалымдардың О.А. Шабанов, Г.Ф. Ахмедьянова, Л.М. Орбодоева, А.М. Пищухин, Е.В. Березкина, Р.А. Ушаков, А.В. Дороффев, А.В. Хуторской, Е.В. Резчикова, С.А. Михайличенко, В.И. Звонников, М.Б. Чельшкова, Е.П. Позднякова, Л.А. Петровская, В.В. Рубцов, Ю.М. Забродин, В. Г. Якимов, В. В. Рубцов, және т.б. зерттеулерінде көрініс тапқан.

Білім беру жүйесіндегі құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық сипатын қазақстандық С.Т. Мұхамбетжанова, Б.Б. Кенжебаева, С.Н. Исабаева, Г.Ж. Ниязова, Б.Т. Барсай, Б.Т., Г.Ж. Меңлібекова, К.С. Құдайбергенова, және т.б. ғылыми еңбектерінен кездестіреміз.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: философиялық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «құзырет», «құзырлылық», «құзыреттілік» «метатаным», «метақұзыреттілік» ұғымдарына тоқталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың

1) интегративтік және кәсіби-тұлғалық сапаларды дамытудағы дағдылар кешені ретінде; 2) «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігі – пәндік, ақпараттық, коммуникативтік, функционалдық сауаттылықтың болуы; 3) өзінің дамуы мен рефлексиялық процестерін басқара білуі және тәжірибеде қолдана алуы; 4) зияткерлігін дамытуда өзінің танымдық әрекетін талдап, басқара білу сияқты мұғалімнің метатанымдық дағдылардың даму ерекшеліктері туралы, метатанымдық және когнитивтік стратегиялар туралы, білім алушының жас ерекшеліктері туралы теориялық тұрғыда қарастырылып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған; болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың жүйесі («Дағдылар кешені» оқу-әдістемелік кешені) алғаш рет ұсынылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Метақұзыреттілік кез-келген қызмет саласында жүзеге асыруға көмектесетін маңызды жеке қасиеттер болып саналады. Психологтар мен әлеуметтанушылар бұл тұжырымдамаға өзгеретін ортаға бейімделу, шығармашылық, оқуға және қайта даярлауға дайын болу, өз жұмысында жаңа ақпарат пен технологияларды таңдау және пайдалану мүмкіндігін қамтиды.

Мұндай мүмкіндіктерді іріктеу ең алдымен білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруды көздейді. Ол үшін ең алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың қағидаларын анықтаудың қағидалары қарастырылған.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұтастығының сақталғандығын көрсетеді.

Докторант бірінші тарауын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың «метақұзыреттілік» ұғымы философиялық, психологиялық-педагогикалық категория ретінде талдануына, мәні мен құрылымына, әдіснамалық тұғырлары мен қағидаларына байланысты теориялық материалдарға арнайды. Екінші тарауында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әлеуетіне тоқталып, әдістемелік жүйесін және метақұзыреттілікті дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін дайындаған. Үшінші тарауы эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың барысы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі мен эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Автордың алынған нәтижелерін негіздеуіндегі негізгі тұғырлары болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың және кәсіби білім берудегі метақұзыреттіліктің дағдылар кешені жасалып, метақұзыреттілікті дамыту мазмұнын, оны жүзеге асырудың жолдарны айқындалады

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың әдістемелік жүйесінің жасалуы зерттеу жұмысының практикалық мәнділігін арттыра түседі.

Докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану білім алушылардың қазіргі заманауи әдістерге қызығушылығын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұған қоса, зерттеу нәтижелерін бастауыш сыныптың өзге пәндерін (қазақ тілі, орыс тілі, еңбекке баулу, бейнелеу өнері, т.б.) оқыту барысында да қолдануға болады.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамытудың ғылыми-теориялық негізі мен әдістемелік аспектісі анықталған, метақұзыреттілігі дамытуға қатысты және әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген, жоғары нәтижеге жеткен.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында К. Жанадилованың тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалады. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге мол талдау жасалған.

Жанадилова Карашаш Базаровнаның «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» - мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» атты зерттеу жұмысын жаңалығы мол, аяқталған, дербес ғылыми зерттеуге ие еңбек деп санаймын.

Жоғарыда айтылғандарды және Жанадилова Карашаштың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің метақұзыреттілігін дамыту» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:
Философия ғылымдарының
докторы (PhD),**



Э.Уайдуллақызы